



SARKAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igiman01@mail.ru

№14 (95172) 17 сәуір 2026 ж.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды.

Бейбіт Исабаев 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық негізгі мақсатты индикаторға қол жеткізілгенін айтты. Өңірге 610 миллиард теңге инвестиция тартылған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға артық.

Президентке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспары таныстырылды. Ауыл шаруашылығы дақылдары, соның ішінде қант қызылшасы алқабы кеңейді. Ақсу және Көксу қант зауыттарының өндірістік қуатын 2 есеге арттырып, 950 мың тоннаға жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2027 жылға дейін құны 94,4 миллиард теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Атап айтқанда, құс фабрикалары, мал бордақылау алаңдары, балық және жылыжай



Мемлекет басшысы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевты қабылдады

шаруашылықтары мен басқа да жобалар бар.

Өнеркәсіп саласында соңғы үш жылда 29 жаңа нысан іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілді, соның нәтижесінде 1841 жұмыс орны ашыл-

ды.

Мемлекет басшысына инфрақұрылымды дамыту жайында мәлімет берілді. Өңірді газдандыру деңгейі 67,2 пайызға жетті. «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры

тартылып, 650 мыңнан астам тұрғыны бар 210 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді.

Облыстың туризм саласындағы мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жұмыстар жалғасуда. Алакөл, Балқаш жағалауларында туристік нысандарға баратын жолдар салынып, ауыз су, электр желісі, көріз жүйелері тартылды. Жағалауларды бекіту шаралары қолға алынды. Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын 31 шақырымдық жол жаңартылып жатыр. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде үш экопарк салып, 121 мың ағаш егу көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне Қытай Халық Республикасымен шекаралас «Достық» бекетіндегі және «Қорғас» арнайы экономикалық аймағындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Алакөл, Балқаш көлдері жағалауындағы демалыс орындарын, тау туризмін қарқынды түрде дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАБЫСТАҒАН ПӘТЕРЛЕРГЕ ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОНЫСТАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында Ғылым қызметкерлері күніне орай 10 жас ғалымға пәтер кілтін табыстады. Тұрғын үйлер Алматы және Астана қалаларынан өтеусіз негізде берілді.

Бүгінде Алматы қаласында баспана алған жас ғалымдар толық жабдықталған пәтерлерге қоныстанып үлгерді. Қоныс иелері жасалған қолайлы жағдайлардың ғылыми және кәсіби қызметке алаңсыз көңіл бөлуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жас зерттеушілер өздерінің шынайы қуаныштары мен мемлекетке деген ризашылықтарын білдірді.

Ғалымдарды марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы ғылымның әлеуеті елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және халықаралық аренадағы беделін нығайтудың негізгі факторына айналып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, ғылым мен білімге инвестиция салған мемлекеттер әлемде алдыңғы қатардан көрінеді. Сонымен қатар Президент отандық ғылымның болашағы жаңа идеялар ұсынып, ел дамуына серпін беретін дарынды, мақсатшыл әрі зияткер жас буынның қолында екеніне тоқталды.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалым баспанамен қамтылды. Бұдан бөлек, олар үшін арнайы гранттар қарастырылған, сондай-ақ біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту мүмкіндіктері бар.

Жаңа пәтер иелерінің қатарында еліміздің жетекші ғылыми ұйымдарының өкілдері бар.

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті Жылуэнергетика және физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD Мадина Құмарғазина Scopus халықаралық базасында жарияланған ғылыми еңбектердің авторы, сондай-ақ Қазақстанның 10-нан астам және бір Еуразиялық патенттің тең авторы. Оның зерттеулері энергия тиімділігі технологияларын дамытуға және жаңартылатын энергия көздерін

пайдалануға бағытталған.

«Мемлекет басшысының ғылымға және жас ғалымдарға көрсетіп отырған мұндай ерекше көңілі үшін шынайы алғысымды білдіремін. Бұл мен үшін күтпеген сыйлық болды. Әлі күнге дейін сене алар емеспін. Мен ұзақ уақыт бойы пәтерге өз күшіммен қаражат жинауға тырыстым, сондықтан бұл мен үшін орасан зор қолдау әрі алға қарай еңбек етіп, мемлекетке пайда келтіруге мотивация береді. Тағы бір айта кететіні, енді менің толықтай жабдықталған пәтерім бар. Бұл маған бар күш-жігерімді ғылымға арнауға мүмкіндік береді. Осындай бастамалар болашаққа деген сенімді арттырып, ғылыми қызметке, жаңа технологияларды әзірлеуге және білікті мамандар даярлауға толықтай назар аударуға жол ашады», – деп бөлісті Мадина Бақытжанқызы көрсетіліп отырған қолдаудың маңыздылығын атап өтіп.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Физика-техникалық институтының ғылыми қызметкері, Электрохимия және ванадийлі ағынды батареялар зертханасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Арман Өмірзақовтың ғылыми еңбек өтілі 15 жылды құрайды.

«Ақордада мен Президенттің қолынан өтеусіз негізде берілген пәтердің сертификатын алдым. Ал бүгін Алматы қаласында сол пәтерге қоныс аударып отырмын. Мемлекет ғылымды дамытуға және гранттық жобаларды қолдауға үлкен көңіл бөліп отыр, бұл ғылыми қызметкерлер мен жас ғалымдарға алдағы жұмысқа және кәсіби өсуге қуатты серпін береді», – деп бөлісті ғалым.

Ол халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 20-дан астам ғылыми еңбектің авторы, сондай-ақ Қазақстанның 8 патентінің тең авторы. Ғалымның зерттеулері энергетика саласындағы перспективалы бағыттарды, соның ішінде отын элементтері, микробатареялар және фотокаталитикалық материалдарды қамтиды.

Негізгі ғылыми бағыттардың қатарында жұқа қабықшалы қатты оксидті

отын элементтерін зерттеу, сондай-ақ Nazarbayev University базасында литий-күкіртті микробатареяларды әзірлеу бар. Сонымен қатар ғалым ванадийлі ағынды батареялардың электролиттерін және суды тазарту мен сутегі өндіруге арналған фотокаталитикалық материалдарды зерттеумен айналысады.

Зерттеуші Erasmus+ бағдарламасы аясында Португалиядағы Авейру университетінде тағылымдамадан өтіп, халықаралық ғылыми жобаларды іске асыруға белсенді қатысады.

Философия, саясаттану және дінтану институтының Әлеуметтану орталығының жетекшісі, аға ғылыми қызметкері, PhD Шырын Тіленшиева мемлекеттік қолдау ғылыми қызметке жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

«Жеке баспанаға қол жеткізу бұл тек маңызды әлеуметтік қолдау ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулерді жалғастырып, отандық ғылымның дамуына үлес қосуға үлкен мотивация береді. Әсіресе пәтерде барлығы дайын екені ерекше қуантады. Пәтер толық жабдықталған, барлық қажетті заттар бар, қосымша ештеңе сатып алудың қажеті жоқ. Бұл бірден жұмысқа және ғылыми қызметке толық көңіл бөлуге мүмкіндік береді», – деді ол.

Шырын Мұратқызының ғылыми еңбек өтілі 13 жыл, ол Scopus және Web of Science базаларына енген жарияланымдарды қоса алғанда 9 ғылыми мақаланың авторы, оқу құралының тең авторы және авторлық құқық иегері. Ғалым халықаралық және ұлттық ғылыми жобаларға, соның ішінде «Жас ғалым» бағдарламасы аясында қатысқан. Сонымен қатар ол International Society for Quality-of-Life Studies ұйымының білім беру грантының иегері және 2021-2025 жылдары осы ұйымның мүшесі болды.

Президент бастамасымен жүргізіліп отырған жас ғалымдарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді және елдің ғылыми әлеуетін тұрақты дамытудың маңызды факторы саналады.

Бүгінгі нөмірде:

► **Мезгіл мәселесі көпшілік талқысында**



3

► **Көкжал**



4

► **Тәуелсіздікке бастаған қадам**



5

► **Защита прав детей**



7

**Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі Олжас
Бектеновтің төрағалығымен өткен
Үкімет отырысында 2026 жылғы
қаңтар-наурыз айларындағы
әлеуметтік-экономикалық даму
қорытындысы мен республикалық
бюджеттің атқарылу барысы қаралды.**

Онда қаржы министрі Мәди Такиев, энергетика министрі Ерлан Аққенженов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин, Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерұлан Жамаубаев, сондай-ақ Атырау және Ақмола облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Күрделі сыртқы экономикалық ахуалға қарамастан, шикізаттық емес сектор өзінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп отырғаны атап өтілді. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша құрылыста – 14,8%, көлікте – 12,8% және өңдеу өнеркәсібінде – 8,5% деңгейінде ең жоғары өсім тіркелген.

Бірқатар облыста макроэкономикалық көрсеткіштердің жалпы өсуімен жекелеген бағыттар бойынша төмендеу тіркелді. Жоспарлы өсімді қамтамасыз ете алмаған Атырау және Ақмола облыстарының әкімдеріне қалыптасқан жағдайға талдау жүргізіп, қажетті шаралар қабылдай отырып, бақылауды күшейту тапсырылды.

Премьер-министр жыл соңына дейін 5%-дан жоғары деңгейде орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін бар күш-жігерді жұмылдырудың және шикізаттық емес салалардағы қолдағы бар резервтерді толық пайдаланудың маңыздылығын атап өтті.

Цифрлық шешімдер мен ЖИ енгізуді қоса алғанда, нақты өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қажеттігіне баса назар аударылды.

Отырыс барысында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, инфляциялық қысымды төмендету – маңызды міндет. Наурыз айында инфляция 11%-ға дейін төмендеді. Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенінің сапалы орындалуын, сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру барысын бақылауда ұстау қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ ең бастысы, маңызды бағыттарда, соның ішінде азық-түлік өнімдерін шығаратын қолданыстағы өндірістерді локализациялау деңгейін арттырып, кеңейту қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне мал шаруашылығында өнімділікті ұлғайтып, жылыжай, көкөніс және сүт өндірісін

Премьер-министр шикізаттық емес секторғағы тұрақты өсімді аман өтті

кеңейту, сондай-ақ қайта өңдеу деңгейін тереңдету бағытында қосымша шаралар қабылдау тапсырылды. Сауда министрлігі көтерме-тарату инфрақұрылымын дамыту, заманауи сақтау және логистика қуаттарын құру жұмыстарын жандандыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуін тежеуге тұрақты мониторинг жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды жалғастыру қажет.

Сондай-ақ Сауда министрлігі өңірлермен бірлесіп, ішкі нарықты отандық өнімдермен толықтыру, делдалдық схемаларды анықтау және цифрландыру арқылы жеткізу тізбектерін қадағалау жұмыстарын күшейтуі керек.

Бұл ретте үйлестірілген тарифтік саясат болжамды әрі инфляцияның мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс. Ұлттық экономика, Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері тарифтер мен бензин бағасына мораторийдің аяқталуына байланысты олардың инфляция деңгейіне үлесін жоғарылатпау үшін шаралар қабылдауы қажет. Нарықтарды жүйелі түрде демонополизациялап, азық-түлік, отын, көлік және коммуналдық қызмет нарықтарында монополияға қарсы бақылауды күшейту керек. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және салалық мемлекеттік органдармен бірге аталған бағытта бірлескен жұмысты жалғастыруы қажет.

Экономика құрылымында екінші жыл қатарынан кен өндіру саласынан алда келе жатқан өңдеу өнеркәсібіне де назар аударылды. Бұл ретте нақты секторды ынталандыру үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Өнеркәсіп министрлігіне бір ай ішінде металлургия мен химия өнеркәсібін қолдау, өнім номенклатурасын кеңейту және өндірістік қуаттардың әлеуетін ынталандыру шараларын әзірлеу тапсырылды. «Самұрық-Қазына» қорына Сыртқы істер, Өнеркәсіп, Сауда министрліктерімен бірлесіп, отандық металлургия кәсіпорындарының өндірістік әлеуетін арттыру үшін құрамында алтыны бар импорттық және полиметалл шикізатын іздестіру және тарту жүктелді.

Энергетика министрлігіне Атырау облысындағы полипропилен компаниясының жобалық қуатына шығуын қамтамасыз ету міндеттелді. Сондай-ақ

Өнеркәсіп министрлігі өсудің қосымша резервтерін қамтамасыз ету шеңберінде 2026 жылға жоспарланған химия өнеркәсібінің кемінде 4 басым жобасын уақтылы іске қосуы тиіс.

Құрылыс саласында биыл тұрақты динамиканы қамтамасыз етуге баса назар аударылуда. Бұл ретте құрылыс маусымы басталып кетсе де бірқатар жүйелі мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай отырғаны аталып өтті. Нақты айтқанда, жалға берілетін тұрғын үйді қаржыландыру арқылы құрылыс жұмыстарын бірінші кезекте ынталандыру және жаңа құрылыс алаңдарына инженерлік инфрақұрылымды уақтылы тарту мәселесінде сұрақтар бар. Шын мәнінде бұған әкімдіктер тарапынан жете мән берілмей келеді, әрі жобаларды іске қосу бағытында да қарқынды жұмыс байқалмайды. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысына 516 млрд теңге қажет деп ақпарат түскенімен, өңірлер 249 млрд теңгенің өтінімін ғана растаған. Бұл қажетті көлемнен шамамен екі есе төмен. Егер әкімдіктер тез арада тиісті шешім қабылдамаса, тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша артта қалу қаупі туындап тұр. Осыған байланысты Ұлттық экономика және Қаржы министрліктеріне бір апта ішінде жергілікті бюджеттерге пайыздық мөлшерлемені өтеп, облигациялар бойынша негізгі борышты жабуға мүмкіндік беретін нақты тетіктерді әзірлеу, сондай-ақ аталған құралдарға өңірлердің қатысуы үшін ашық жағдай жасау тапсырылды. Түйіндей айтқанда, нақты параметрлері мен қаржыландыру көздері айқындалған дайын шешімдер қажет.

Мұнай өндірудің жоспарлы деңгейін қамтамасыз ету үшін Энергетика министрлігіне ірі жер қойнауын пайдаланушылармен өндіріс көлемін ұлғайту шаралары бойынша келіссөздер жүргізуді тапсырылды. Елдің энергия ресурстарына деген сұранысын қанағаттандыру үшін газ өндіру қуатын арттыру қажет. Энергетика министрлігіне QazaqGaz және ҚазМұнайГаз компанияларымен бірлесіп, биыл Қашағанда көлемі 1 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытының құрылысын аяқтау, ал келесі жылдың басында Жаңаөзендегі зауытты пайдалануға беру жүктелді. Одан бөлек газ тасымалдау жүйесіне ерекше назар аударылды. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісін табы-

сты жүзеге асыру – стратегиялық міндет, бұл қолжетімді газ көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Энергетика министрлігі осы орайда тиісті үйлестіру мен қатаң бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Көлік саласында теміржол желісінің өткізу қабілетін жүйелі түрде арттыру, Ақтау мен Құрық порттарының инфрақұрылымын жаңғыртуды жеделдету және 11 мың шақырым автомобиль жолын құрылыс және жөндеу жұмыстарымен қамту тапсырылды.

АӨК бойынша Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктері астық тасымалдауға байланысты шығыстарды қосымша қаржыландыру мәселесін шешуі қажет, сондай-ақ, мал және егін шаруашылығы салалары бойынша қарыздарға кепілдік беру құралын жүзеге асыру үшін өзге де мемлекеттік органдармен және «Бәйтерек» холдингімен қажетті қаражат көздерін қарастыруы тиіс. Қаржы ресурстарының қолжетімділігін кеңейту тұрғысында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға инвестициялық мақсаттар мен айналым қаражатын сатып алу үшін агроөнеркәсіп кешен субъектілерін қаржыландыруға мүмкіндік беру керек. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, екі апта ішінде Үкімет қаулысына тиісті өзгерістер енгізу тапсырылды.

Сөзін қорытындылай келе Премьер-министр биыл наурыз айында 2026 жылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңесте экономиканың өсу резервтерін ынталандыруға бағытталған тиісті шаралардың мақұлданғанын атап өтті, алайда кейбір мәселелер созылып кеткен. Бұл «Бәйтерек» холдингін капиталдандыруға және тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін әкімдіктердің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы жөніндегі шараларға қатысты. Сондай-ақ мемлекеттік кепілдік есебінен қаржыландыру жоспарланған автожол жобалары бойынша құжаттаманы сүйемелдеу процесі баяу жүріп жатыр. Экономиканың басым салаларында қосылған құнды арттыратын инвестициялық жобаларды анықтау жұмысының да тиімділігі төмен.

«Осы сұрақтардың бәрін жедел шешу керек. Әрбір басшыға салалар бойынша өсудің жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тікелей жауапкершілік жүктелген. Осыны тағы да естеріңізге саламын. Әрбір басшыдан нақты нәтиже болуға тиіс. Бұны естен шығармаңыздар», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қаратал ауданында биыл дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен дзюдо залы салынады

Жетісу облысының Қаратал ауданындағы жаңа бокс залы жүйелі жұмыс істеп тұр. Бұл зал өткен жылдың желтоқсан айында ашылған болатын. Ал биыл аудан орталығында көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен дзюдо залы да салынады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Қаратал ауданына барған сапары барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Аталған аймақтағы бокс залына арнайы барған өңір басшысы жас спортшылардың жаттығуына куә болып, олармен тілдесті.

Қаратал аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Ермек Торғаевтың айтуынша, спорт мектебінде 1200-ден астам оқушы спорттың 14 түрімен айналысады, соның 87-сі бокс залында жаттығады.

Жаңа бокс залының жұмысына қатысты ата-аналар да дән риза. Мәселен, Тілеулес Қанатбаев мұнда өз немересін жаттығу үйірмесіне тұрақты алып келеді.

Жалпы ауданы 800 шаршы метрді құрайтын бір қабатты ғимаратта бокс және күрес залдары орналасқан. Тәулігіне 100 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар залдар заман талабына сай құрылғылармен жабдықталған. Былғары қолғап шеберлеріне арналған бокс залы кәсіби ринг, күрес залы су жаңа татами және қажетті жаттығу құралдарымен толыққан. Сонымен қатар нысанда киім ауыстыратын бөлмелер, душ кабиналары және жаттықтырушыларға арналған бөлмелер қарастырылған. Атап өтерлігі, мұнда тренажер залы да бар, аудан тұрғындарының кешкілік уақытта оны тегін пайдалануына мүмкіндік жасалған.

Жалпы, соңғы үш жыл ішінде облыста қайта салуды немесе жөндеуді қажет ететін спорт нысандарын жаңартудың деңгейі орта есеппен 79,6% жетті, яғни 39 спорт нысаны жаңарды. Өңірде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатындар саны 300 мыңға жуықтаған, бұл жалпы халық санының 43,5%-ын құрап отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Экологиялық акцияға Іле өзенінің жағалауы мен елді мекендер тазартылды



Өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды тазарту, көгалдандыру және елді мекендерді санитарлық тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар бекітілген жоспарға сәйкес Панфилов ауданында «7 OZEN» экологиялық акциясы өткізіліп, Іле өзенінің арнасы тазартылды. Оған 50 адам, 2 бірлік арнайы техника жұмылдырылып, 25 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды.



Сондай-ақ халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруға және елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын іске асыру шеңберінде Талдықорған, Текелі, Сарқан, Жаркент, Үштөбе және Үшарал қалаларында «Таза қала» экологиялық акциясы өткізілді.

Аталған іс-шара қала аумақтарын санитарлық тазартуға, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға, сондай-ақ халықты, еріктілерді, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарта отырып, аумақтарды көгалдандыруға бағытталды.

Акция қорытындысы бойынша 2 800 адам қатысты, 41 бірлік техника тартылып, 101 тонна қоқыс шығарылды, 1 710 ағаш көшеттері отырғызылды.

Облыс бойынша тазарту және көгалдандыру іс-шаралары басталғаннан бері 51 мыңнан астам адам қатысып, 913 бірлік техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 1 044 гектар аумақ тазартылып, 4 мың тонна қоқыс шығарылып, 40,9 мың ағаш көшеті отырғызылды.

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жалғасуда және ерекше бақылауда. Аталған акция өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға және халықтың қоршаған ортаға жауапты көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы.



ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Салтанатты түрде әскер қатарына шығарып салу – ел қорғауға аттанған жас азаматқа көрсетілген зор құрмет пен сенімнің белгісі. Мұндай сәтте туған-туыс, достар мен ауылдастар жиналып, ақ жол тілеп, жүрекжарды тілектерін білдіреді. Бұл – Отан алдындағы борышын өтеуге дайын жасқа рух беріп, жігерін жанитын ерекше рәсім.

Осындай рәсім аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимараты алдында өтіп, бір топ жас мерзімді әскер қатарына аттанды.

Аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов салтанатты шара барысында ел тыныштығы мен аمانдығын қорғау – әр азаматтың қасиетті міндеті екенін болашақ отан қорғаушылардың естеріне салды. Жастарға ерлік, табандылық, жауапкершілік тілеп, аман-есен елге оралуларына ниет білдірді.

Өз кезегінде аудандық Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Темірбек Шайғожанов, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Сәбит Аймұханов жылы лебіздерін ортаға салса, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Түсіпов ықыласты батасын берді. Отан алдындағы борыштарын өтеушілер атынан Нұрсұлтан Мұрат замандастарына ізгі тілегін ақтарды. Толғанысты күйдегі жиналғандарға Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашты. Жиын соңында барлығы атаулы күнді тарих беттеріне таңбалап, естелік суретке түсті.

МЕРЗІМДІ МӘСЕЛЕСІ КӨПШІЛІК ТАЛҚЫСЫНДА

Мерзімді әскер қатарына шақыру бүгінде қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселе тек әскери салаға ғана емес, жалпы елдің қауіпсіздігіне, жастар тәрбиесіне және патриоттық рухтың қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Жалпы әскерге бару – әрбір азаматтың Отан алдындағы қасиетті борышы. Мерзімді әскери қызмет жас жігіттерді тәртіпке, жауапкершілікке, төзімділікке баулиды. Олар өмірлік тәжірибе жинап, ел қорғаудың маңызын терең түсінеді. Алайда соңғы жылдары әскерге шақыру барысында бірқатар қиындықтар туындауда. Кейбір жастардың әскери қызметтен жалтаруға тырысуы, денсаулық жағдайына байланысты жарамсыз деп танылуы немесе ата-аналардың алаңдаушылығы – осы мәселенің өзектілігін арттыра түсуде. Сонымен қатар, қоғамда әскердегі жағдай туралы түрлі пікірлердің болуы да жастардың бұл бағыттағы көзқарасына әсер етуде.

Осыған байланысты аудандық әкімдіктің кіші мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысовтың төрағалығымен жоғарыда айтылған мәселелерді көп талқысына салған келелі кеңес өтті. Аталмыш жиынға Жетісу облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысы, полковник Медет Тұрыскелдиев, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Сәбит Аймұханов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Түсіпов, ауған соғысының ардагерлері, ауылдық қалалық округ әкімдері, жауапты мамандары қатысты. Басқосуда облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысы, полковник Медет Болатұлы сөз алып, туындап отырған өзекті мәселені бірлесіп шешудің маңыздылығын атап өтті. Жиын барысында әскери бөлімдердегі ашықтық пен қауіпсіздікті барынша қамтамасыз етсе, алғашқы әскери дайындық пәнінің рөлін күшейтіп, материалдық-техникалық базасын нығайтса деген ұсыныстар ортаға салынып, ауыл әкімдері өз пікірлерімен бөлісті.

Сондай-ақ мерзімді әскери қызметтің беделін арттыру, жастар арасында патриоттық тәрбиені күшейту, әскерден жалтару бойынша жауапкершілікті күшейту сынды мәселелер көтерілді.

Кеңесті қорытындылаған Алмас Ажарханұлы мерзімді әскерге шақыру мәселесі – тек міндет емес, ол ел болашағына деген жауапкершілік. Сондықтан бұл бағытта бірлесе, жүйелі жұмыс жүргізу уақыт талабы екендігін айрықша атап өтті.

Партия ЖЕҢІСХАН.

«Ауыл аманаты» - ел игілігіне



Жетісу облысында «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясында микрокредит алуға өтінімдер қабылдау 2026 жылдың 12 қаңтарынан қайта басталды.

Бағдарлама ауылдық кәсіпкерлікті дамытуға, ауыл халқының табысын арттыруға және ауылдағы кооперацияны қолдауға бағытталған.

Өтінімдерді қабылдау «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 2025 жылы бөлінген қаражат шегінде қарастырылады.

Өтінімдер ауыл шаруашылығы жобалары және қайта өңдеу бағыты бойынша қабылданады.

Сонымен қатар Ережемен бекітілген лимиттің орындалуына байланысты мал шаруашылығы бағытына өтінім қабылданбайтынын хабарлаймыз.

Өтінімдер amanates.kz порталы арқылы электронды түрде қабылданады.

Құжаттардың тізімі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы «Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларын бекіту туралы» № 53 бұйрығымен бекітілген.

Қосымша ақпаратты төмендегі мекен-жайда біле аласыз: Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі, №113 үй "Жетісу" ӘКК" ӘДІ" АҚ ғимараты, 1 қабат. Байланыс тел: 8(7282) 329414 (ішкі нөмір 231).

Төтенше жағдайлар бөлімі көпқабатты тұрғын үйлерге өрт сөндіру техникасының кедергісіз өтуін қамтамасыз ету өрттер мен басқа да төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етудің маңызды шарттарының бірі екенін хабарлайды.

Өрт сөндіру техникасының өтуін қамтамасыз ету талаптары

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына, сондай-ақ Өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес, өрт сөндіру техникасына арналған кірме жолдар, өту жолдары және бұрылу алаңдары әрдайым жарамды жағдайда ұсталып, тәулік бойы кедергісіз болуы тиіс.

Сонымен қатар, тәжірибеде аула аумақтарының автокөліктермен ретсіз толтырылуы, шлагбаумдардың, қоршаулардың және өрт сөндіру бөлімшелерінің ғимараттарға қол жеткізуін шектейтін басқа да кедергілердің орнатылуы фактілері жиі анықталуда. Мұндай бұзушылықтар авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді едәуір қиындатып, ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

Естеріңізге саламыз, өрт туындаған жағдайда әрбір минуттың маңызы зор. Өту жолдарының бос болмауы өрт сөндіру бөлімшелерінің уақтылы келуіне, адамдарды эвакуациялауға және өртті жоюға кері әсерін тигізеді.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде өрт сөндіру техникасының өтуіне кедергі келтіргені үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

ТЖБ тұрғындарға және автокөлік иелеріне көлік құралдарын арнайы техникаға арналған өту жолдары мен кірме жолдарға қоймауды, сондай-ақ тұрақ ережелерін қатаң сақтауды сұрайды.

Сондай-ақ КСК, ОСИ және басқарушы компаниялар басшыларына аула аумақтарын тиісті деңгейде күтіп-ұстау және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау қажеттілігі ескертіледі.

Қойылған талаптарды сақтау – азаматтардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің кепілі. ТЖБ халықты жауапкершілік пен саналы болуға шақырады.



«Сіздің құқығыңыз қорғалады» акциясы

Сарқан ауданы аумағында ағымдағы жылдың 15-17 сәуір аралығында «Сіздің құқығыңыз қорғалады!» атты акциясы өткізілуде.

Акция аясында зорлық-зомбылықсыз қоғамды қалыптастыру бойынша қабылданып жатқан шараларды тұрғындарға жеткізу, ана мен баланың құқығын қорғау

бойынша мүдделі органдар мен мүдделі қоғамдық ұйымдардың қызметін таныстыру мақсатында «Сіздің құқығыңыз қорғалады» атты акция өткізілетінін хабарлаймыз!

Сарқан аудандық полиция бөлімінің Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобы.

Аңдар мен құстар – табиғаттың тірі ескерткіштері

Табиғат пен адам – егіз ұғым. Бізді қоршаған орта тек пайдалы қазбалар мен өсімдіктерден ғана емес, сонымен бірге жер бетінің сәні мен жылуы болып табылатын аңдар мен құстардан тұрады. Құстар – орман емшілері: Олар зиянкес жәндіктерді жойып, ағаштардың саулығын сақтайды және өсімдіктердің тұқымын таратады.

Жыртқыштардың рөлі: Қасқыр мен барыс сияқты аңдар «табиғат санитарлары» ретінде ауру жануарларды отап, популяцияның саулығын бақылайды.

Біз не істей аламыз? Жануарлар өлемін қорғау тек мемлекеттің немесе қорықшылардың ғана міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың адамгершілік борышы. «Табиғаттан алғаныңды табиғатқа қайтар» дейді халық даналығы. Бала кезінен жас ұрпаққа «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен құстарды танытып, оларға мейірімділікпен қарауды үйрету. Қыс мезгілінде құстарға жемшашар жасау, жануарлардың тыныштығын бұзбау.

Заңға бағынуымыз керек: Аң аулау маусымдарын сақтау және заңсыз әрекеттерді көргенде тиісті орындарға хабарлау.

Аңдар мен құстар – табиғаттың тірі ескерткіштері. Егер біз бүгін оларды қорғап қалмасак, келер ұрпақ ақбөкеннің шапқанын, бұлбұлдың сайрағанын тек бейнежазбалардан ғана көретін болады. Табиғатты қорғау – өз болашағымызды қорғау екенін ұмытпайық!

Табиғат – тал бесігің: Аңдар мен құстарды қорғау – ортақ парыз

Осы құндылықтарды сақтап қалу үшін ең алдымен оқушыларды табиғатты аялауға баулу жұмыстарын өз өңіріміздегі мектептерге барып, оқушыларға жүйелі үнемі жүргізіп отырамын.

**А.БЕЛЬГИБАЕВ,
«Берлітөбе орман шаруашылығы» КММ аңтанушысы.**

Нұрғали КӨПЕСБАЕВ

Еліктің текесі

Дала қорықшысымын. Бір күні бригадиріміз маған бригаданың аумағындағы мал азығына дайындалған маяларды санап келуге тапсырма берді. Наурыз айы, қыс аяқталып қалғандықтан жем-шөптің қалдық қорын нақтылаудың маңызы зор.

Салт атпен жалғыз кеттім. Шөп маяланған аумақты тегіс білемін. Кешке дейін аралап тапсырманың нәтижесін блокнотыма жазып алдым.

Бір жотаға шығып атымды тыныстатып, өзім демалып тұр едім, Алатаудың дәл түбінде, жотаның етегінде екі елік тұр екен. Біреуі теке сияқты. Аңшылығым ұстап кетіп мылтығымды нысанаға дәлдеп, текесін көздеп басып салдым. Еліктер жалп беріп дәл мен тұрған жотаға қарай өрлетіп салды. Құламаса да еліктің текесіне оқ тигені белгілі. Күн ұясына кіріп бара жатқан. Біреуінің ізінде қан тамшылап барады. Біраз соңына түскен соң екеуі екі айырылды. Мен жаралы текенің соңына түстім. Өне құлайды, міне құлайды деген үмітпен атымды тепеңдетіп қуып келемін.

Сол маңда шоқы бар еді. Теке сонымен тік асып, ар жағындағы терең құзға түсті. Шоқыға мен де шақтым. Теріскейінде шоқ теректер бар екен. Оның асты терең өзек, су ағып жатады. Текенің ізі әлгі шоқ терекке барып кіріпті. Шоқының теріскейі үрлеп, тығындап тастаған қар. Атпен кесіп кіру қиын. Сондықтан төменірек барып ізге түсуді ойладым. Атымды қамшылап алға қарай бір адым басуым мұң екен, бірдеңе зу ете түскендей болды. Есімді жисам қар көшкіні атыммен бірге мені әлгі шоқ теректің біріне нығыздап тастапты. Терекке атым ер тоқымның басымен соғылған. Ер тоқым қақ бөлініп, төс айылы үзіліп, шап айылы терекке ілініп қалыпты. Ат теректің бір жағында, мен екінші жағында салбырап жатырмын. Аттың тізгіні әлі қолымда екен.

Протезім мойынағашша майысып, терекке шегелеп тастағандай. Сау аяғым үзеңгіде қатып қалған. Ал ат болса үзеңгі мен артқы айылына ілініп қалыпты.

Айғайлап көмек шақырғаннан пайда жоқ, себебі бұл маңайға тірі жан келмейді. Ойыма үйден қонышыма тығып алып шыққан нан тұрап жейтін пышағым түсе кетті. Сипалап қарасам бар екен. Пышақпен бізді іліп тұрған үзеңгі бауды кесіп жібердім.

Ат босап, атып тұрып сілкінді. Тізгінді қолдан жіберген жоқпын. Пышақпен шұқылап, үзеңгіде жабысып тұрған жалғыз керзі етігімді өлдім-талдым дегенде босаттым. Одан кейін майысып қалған протезімді босатып алып, терекке сүйеніп тұрып ердің сынығын жалғыз айылмен қайта бекіттім. Протезімді қанжығама байлап, аттың өр жағында тұрып жалғыз аяғыммен қарғып тұрып қарасам ар жағындағы терең құз көзіме түсті. Ажалсызға дауа жоқ, терекке не басыммен, не беліммен соғылғанымда жаным жаһанамға кетер еді.

Мүгедек болып жүріп те талай ажалдан қалыппын. Көретін бейнет-зейнетім, жарық дүнием бар екен. Өмірден күдер үзуге болмайды...

Қасқыр деген атау ерлігі мен серілігі үстемдеу жандарға анықтауыш ретінде айтылады. «Ол бір көкжал жігіт еді» деп батыл жандарды еске алып отырамыз. Жаһанда арыстан, жолбарыс, аю сияқты азулылар бар. Бірақ, жігіттің жігіттігін қасқырмен байланыстырамыз.

Қорқау қасқыр дегенді көрдім. Ұяластарынан айырмашылығы басы үлкен, тұмсығы ұзын, құйрығы қысқалау болады екен. Күн көру мақсатында ештеңеден тайсалмайтын сияқты.

Қойға шапқан қасқырды көріп қуалағаным бар. Олар жаяу, қарусыз қойшыдан тіпті де қорықпайды. Бірде аттан салған қойшының дауысына елеңдеп салт атпен шауып барсам қасқыркең тілі салақтап, көзі қызарып, қойларды топалаң тигендей қуалап жүр. Бір-бір тартады да лақтырып сұлата береді. Кейбіреулерін тамағынан шайнап қысып алып анадай жерге апарып тастап, қайта шабады. Қой адам жетектесе жүрмейді ғой, ал қасқыр тамағынан мықтап шайнап, жетектегенде керемет жүгіреді екен. Қасқыр тамақтаған қойлардың көбісі тірі қалмайды.

Бұл тұз тағысының сиыр малына шапқанын көрдім. Табынмен жүрген сиыр бұзауларын ортаға алып, ірілері мүйізді бастарын қасқырға бұрып, артқы жақтарын өзінше біріктіріп дөңгеленіп тұрып алады екен. Мұндай қорғанысты бұзуға қасқырлар да дәрменсіз көрінеді.

Бір күні әкем «бір қорқау қасқыр алдырмай жүр» деді. Осындай сөз әр жерден естіле бастады. Жылқыны тартып



Көкжал

кетіпті, қойды жеп кетіпті деген жайсыз жаңалықтар желдей есіп тұрды. Сөйтіп жүргенде қыс басталып, қар жауды. Қар бір тәулікке ұласты. Колхоз кеңсесіне келсем басқарма белсенділерін жинап алып «Бес атты таң асырып, дайын тұрыңдар» деп жатыр екен. Ертемен ерте қансонарға шығып, алдырмай жүрген қасқырды ұстауды мақсат етіп қойыпты. Бригадир Қабашев, аңшы Жүнісбек бастықтан қай жаққа қарай шығатындығын нақтылап алды. Алмалы тауының шығыс жағына, «Арқабайдың қызыл тасына», «Мәулім шоқысына» аттанбақшы. Шүйе сайымен өрлеп Белсенді колхозынан бері қарай шатқалдарды тегіс сүзіп шықпақшы. Шеткері отырған мені аңшының баласы болсам да мүгедексініп, көзге ілмеді. Мен үйге ренжіп келдім де ешкімге ештеңе деместен ертеңгі қансонарға дайындалдым.

Атымды, тазымды, мылтығымды, өзімді баптап алып, колхоз белсенділері тау өлкесіне аттанғанда үш колхоздың арасындағы «Сары нұра» даласын шарлап шықпақшы болдым. Таңға жақын елең-алаңда атыма беретін сұлыны, тазымыз екеуіміз жейтін бір таба нанды қоржынға салып алып «Сары нұраға» қарай жүрдім. Қар өте қалың жауған, үзеңгі сүзіп отырады. Тазым алды-артымды орап, жота-жотаға шапқылап

жүре алмайды. Атымның ізімен артымнан еріп отырды.

«Сары нұра» даласы жазық алқап, аздаған жоталары бар. Алатау бөктерінен «Үш Қарабеткей» қыраты арқылы Екіаша селосына дейін тірелетін шағын жықылдар кездеседі. Селоға жақын «Кіндік төбе» деген төбе бар. Ауылдан шыға осы өңірді кеңінен айналып келемін. Айнала аппақ, ақ жұмыртқадай, жорғалаған тышқанның ізі жоқ, меңіреу дала. Мен де ілбіп, аяндап, ақ мамықтай қалың қарды теңіздегі қайықшылардай есіп келемін.

Ертедегі бір замандарда су жүрген арнамен «Кіндік төбеге» қарай бағыт алдым. Алдымда бір із төбеден асып түсіп тұйықталып жатыр. Тұйықталған жерді қарасам кеуектеп бірдеңе жатыр. Аң сияқты, жота жүні ғана көрінеді. Тазым артымда, ол аңды көрген жоқ. «Бұл не нәрсе?» деп таң қалып дыбыс беріп жөтеліп едім әлгі жатқан аң басын көтеріп алды. Басы қазандай, құлағы тіп-тік. Мына жақын селонның ұры овчаркасы шығар деп ойлағанымша болған жоқ тік құлақ ата кеп жөнелді. Тазым көре салып құды. Мен оқтаулы мылтығыммен бір атып үлгердім.

Қар қалың, ат шаба алмайды, желе шоқырақтап төбеге шықсам әлгі көкжалым тауға қарай есіп барады. Оның

Түлкінің қулығы

Аңшылар түлкінің 62 аяласы бар дейді. Қансонарда барлық аңның ізі сайрап жатады ғой. Міне, осындай кезде түлкілер қулығын, аяласын көрсетіп бағады. Олар түнде елең-алаңда інінен шығып, жортып-жортып алады да күн шыға дәл інінің аузына келіп жан-жағын бақылайды, кейбіреуі інінің түбіне кіріп жатады. Дағдылы аңшы немесе дағдылы тазы мұның қулығын дәл басып табады. Тазы жаңа жүрген іздің иісінен білсе, әккі аңшы інінің аузына үңіліп қарап, шыққан із бен келген іздің мәнісін салыстырады. Түлкі ініне кірерде шыққан ізін жымын білдірмей қайта басып келеді. Ал аңшы кірген-шыққан ізді тырнақ белгісінен байқайды. Тырнақ ізі ініне қайта кірсе аңшы інінің аузына қақпан құрады.

Ал енді тау-тастағы түлкілер жорта береді. Өйткені олардың қауіпті жағдайда пана-лап тығылатын жері көп. Қандай бір тастың тесігіне кіріп кетеді. Тастың үстіне шыққан қызыл қынаның жанына жата қалады. Қына да қызыл, түлкі де қызыл. Мұны тәжірибелі аңшы болмаса кез-келген адам біле бермейді. Тасқа жасырынған түлкілерді жатқан жерінен келесі тұсынан құрық тығып, салдырлатып айғайды саласың. Мұндайда түкен шыдамай жатқан жерінен ата жөнеледі. Міне, осы кезде не тазы ұстайды немесе атып аласың.

Бірде қар едәуір жауған таңда тазымды ертіп аңға шықтым. Мылтық алғаным жоқ. Тазымның жүйріктігін сынап көргім келді. Мен бет алған жақта бидайдың маялары көп. Жиналмаған сабан шөмеле боп жатыр. Ондай жердің тышқаны көп болады. Тышқаны көп жерде түлкі кездеседі.

Бір ұрымтал жерден бас бағып қарасам ескі баздың орнында қарғалар шуылдайды. Байқасам, қу түлкі сүйретіліп жүре алмаған болып, өлген түлкі құсап көсіліп жата кетеді. Осы кезде әлгі қарғалар оның көзін, салақтаған тілін шоқып жемекші болып жақындайды. Түлкі ұстамақшы болып ұмтылғанда қарғалар шу етіп ұшып барып алысқа ұзамай қонады. Осы ойынды сырттай бақылап, бір өзекпен кеңінен айналып барып желке тұсынан тазымды қосып жібердім. Тазы емін-еркін жетіп енді ұстады дегенімше түлкі жер жұтқандай жоғалды. Тазым жалғыз өзі сол бетімен зымырап барады. Шауып отырып әлгі түлкі жоқ болған жерге келсем су жырып кеткен терең арықтың үстің қар басып қалған екен. Түлкі сол жерге түсіп қарға көміліп қалыпты. Оны тазы байқамай үстінен бірақ қарғып, өз бетімен зымырап кете берген.

Қу түлкі менің қолымнан ештеңе келмейтінін сезіп, жылмаң етіп бір қарады да арықты құлдилап қашып кетті. Ана белге бір, мына белге бір шығып тілі салақтап, екі бүйірін соғып бір уақытта тазым келді. Мен ақырын ұрсып едім ит те болса түсініп, өзін айыпты санап, көдімгідей мұнайып қалды.

Осылай көңілсіз келе жатқанымызда бір маяның түбінде бір түлкі тышқан аулап жүр екен. Тазымды тағы көзіктіріп жібердім. Тышқан аулауға алаңдаған түлкі тазының дәл қасынан шыға келгенін сезбей қалды. Сасқалақтап қашып берді. Тазы оның бұлтағына көнбестен қақпалап алдына салып тура маған қарай жосылтып келеді. Дәл менің қасыма келгенде түлкіні алып ұрып қытырлатып шайнап жатыр. Енді қалай дегендей маған қарап қойып сілкілейді. Аттан түсіп «күшігім, күшігім, қоя қой жүйрігім» деп басынан, арқасынан сипап түлкіні босатып алдым. Аңға шыққанда қалтама жарты табан сала жүретінмін. Демалған жерде екеуіміз бөліп жейтінбіз. Енді бүгін бұл сыбағаны түгелдей тазыға беріп, үйге ашқарын оралдым.

салған ізімен тазым емін-еркін жетіп, ауыз салуға батпай, тақымдап, арсылдап үріп барады. Бұрын овчаркаларды итше талайтын тазым мына аңның алдында дәрменсіз сияқты.

Мен қары жұқалау жота қыратымен тепеңдетіп, озыңқырап барып дәл алдыңғы жағынан кес-кестеп көлденең түстім. Дәу көкжалың сескену деген ойында жоқ, қалың қарды ескілеп, тауға қарай қасқайып, секіре маңып барады. Қасқыр мен тазыны қуып жеттім де мылтығымды қайта оқтап, өкшелеп келіп бел омыртқадан атып қалдым. Маған қарай арсылдай бергенде оқты қақ маңайдан отырғыздым. Тазы қасқырдың тамағынан алып езгілей бастады. Қой дегенім жоқ, бұрын қасқыр ұстап көрмеген тазым тұз тағысынан тайсалмасын деп ерлікке баулыған түрім еді. Өбден сілесі қатқанша езгіледі.

Енді бұл қасқырды ат үстіне көтеріп салу оңай болмады. Қасқырдың басын жоғары көтеріп қанжығама байлап, бөксе жағын ертоқым үстіне лақтырып жібердім. Шылбырымды шешіп алып ат үстіне мықтап шандып қойдым да атыма мініп ауылға қарай жөнелдім.

«Қасқырды қоршап ұстап аламыз» деп кілең сәйгүлік мінген басқарма тобы тышқан мұрнын қанатпай құр қол оралыпты. Мен болсам, жалғыз атты мүгедек, қасқырдың ең дөкейін әкеліп көлденең салып қойдым. Көрген елдің барлығы да малымыздың құныкерін ұстадың деп алғыстарын ақтарып жатты.

• Желтоқсан қозғалысына – 40 жыл

(Соңы. Басы өткен нөмірде).

Қаны қазақ милиционер

Талдықорғанға кіре берісте пост бар. Сол жерде милиция көліктердің барлығын тоқтатып, жұрттың құжаттарын тексеріп жатыр. Менің беті-басым көкала қойдай ісіп көгеріп кеткен. Мұрын қисайған. Басымның жарылған жерлеріндегі шаш қиылған. Құрыған жерім осы дедім. Тәртіп сақшысының бірі қасыма жақындап келіп «Қайда барасың, қайдан келесің?» деп сұрақтың астына алып жатыр. Ол менің түріме қарап, мән-жайды өзі де біліп тұр. Сосын мені автобустан түсіріп алды. Қалтамдағы студенттік билетімді көрді де: «Студент екенсің ғой. Сен де сол ереуілден келесің бе?» деді. Маған шынды айтуға тура келді:

– Жігіттер, өздерің де қазақсындар. Менің орнымда сендер болсаңдар алаңға шықпайтын ба едіңдер? – дедім. Алдында айтқан жауабыма байланысты протокол толтырылған болатын. Милиционер болса да қазақ емес пе, әлгі жігіт толтырылған қағазды көзімше жырттып-жырттып тастады да, өзімді автобусқа мінгізіп жіберді.

Ауылда

Ауылым Сарқанға аман-есен жеткен соң, бір айдай жүрдім. Келген күні менің тағдырыма алаңдаған анам: «Баламау, алаңға шығып нең бар еді. Әкіметтің құрығы ұзын ғой. Абайлап жүрсең нетті?» деді. Өңгімемізді сырттай тыңдап отырған марқұм әкем Нұғман сол кезде: «Жастар дұрыс істеген. Өз ұлтыңның, еліңнің, жеріңнің намысын таптатып қойып отырғанша, өлгенің артық емес пе? Мен



де болсам солай істер едім» деп анамның күңкіліне нүкте қойды. Өкемнен мұндай сөзді күтпеген мен де, анам да аң-таң. Адал еңбек етіп, өмірінде үкіметке қарсы сын айтып көрмеген әкеме де биліктің оспадарсыз қылығы өтіп кетсе керек. Сол кезде жан-тәніммен өз ұлтыма деген мақтанышты сезіндім.

Сосын Алматыға қайттым. Ол кезде құрылыс техникумының соңғы курсы-

да оқитынмын. Бір жағы дипломға да дайындалу керек. Келсем Қарлығаш деген кураторымыз: «Мұрат, сен техникум жаққа жолама. Сені милиция іздеп жатыр. Альбомның ішінде суреттерің бар. Суретке қолыңа темір ұстап, айғайлап тұрып түсіп қалыпсың», – деді. Сосын амал жоқ, ауылға қайта тарттым. Соның кесірінен дипломдық жұмысымды топтағылармен бірге қорғай алмай, наурыз айында сырт-

тай бөлімде оқитын студенттермен бірге қорғауға тура келді.

Түйін

Міне, желтоқсан оқиғасы басымнан осылай өтті. Солдаттар тепкінің астына алғанда «тірі қалам» деп үміттенуің де қиын екен. Қазір есіме алып отырсам қазақтың жастарына әскер не көрсетпеді? Автобусқа салып жатқанда қолы сынып, сүйегі сыртына шығып кеткен жігіт пен мұрны қаққа айырылған жігіт көз алдымнан әлі күнге кетпейді. Із-түссіз кетпеу үшін бір-бірімізге «Жігіттер, мен бөленбаймын. Бөленбай жақтамын. Аман қалғандарың болса, ағайындарыма хабарларсындар» деп аты-жөнімізді де айтып жатырмыз. Алаңда талай аталар мен әжелер де жүрді.

Алаңға шыққан қаракөз бауырларымыздың жанарынан биліктің асыра сілтеп жіберген әрекетіне деген ашу-ыза мен ұлтына деген шын сүйіспеншілікті сол кезде-ақ анық байқадым. Біреулердің «маскүнемдер, нашақорлар, алаңға бұзақылық жасау үшін шықты» деген жаласын өз басым мүлде жоққа шығарамын.

Мұрат АҚЖОЛОВ.

• 18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні

МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР - ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Жетісудың інжу-маржаны, табиғаты мен тарихы тоғысқан Сарқан ауданы – көне заманнан бүгінгі күнге дейін талай тағдырлы оқиғалардың куәсі болған киелі мекен. Мұндағы әрбір төбе, әрбір тас өткен күннен сыр шертіп, бабалар ізінен хабар береді. Ауданның мәдени ескерткіштері – тек сәулет өнері ғана емес, бұл біздің ұлттық кодымыз бен тарихи жадымыздың алтын діңгегі.



Көне дәуірдің жаңғырығы Қойлық қаласы Сарқан өңіріндегі ең басты тарихи жәдігер – ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген көне Қойлық (Антоновка) қалашығы. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бұл шаһар VIII-XIV ғасырларда Қарлұқ қағанатының астанасы және ірі сауда орталығы болған. Қазба жұмыстары кезінде мұнда мұсылман мешіттерімен қатар, будда ғибадатханасы мен христи-

ан шіркеуінің орындары табылған. Бұл Сарқан жерінің ежелден діни төзімділік пен мәдениеттер тоғысының мекені болғанын дәлелдейді.

Аңырақай шайқасы мен батырлар рухы Сарқан өңірі – қазақ халқының бостандығы үшін болған шешуші шайқастардың алаңы. Сарқан қаласының кіреберісінде орналасқан батыр ескерткіші мен өңірдегі өзге де батырларға қойылған белгілер – елдік пен ерліктің символы.

Аудан орталығындағы «Жеңіс» саябағы мен Мәдениет үйінің маңындағы мемориалдық кешендер Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аталарымыздың қаһармандығын дәстүрлі батырлық жырымен ұштастырып тұрғандай.

Тұғыры биік тұлғалар мәдени ескерткіштер қатарында өңірден шыққан біртуар тұлғалардың мүсіндері ерекше орын алады.

Алаш ардақтысы, тұңғыш теміржолшы-инженер М. Тынышбайұлының есімі ауданда ерекше ұлықталады. Оның өмір жолы – бүгінгі жастарға үлкен өнеге.

Табиғат пен тарихтың үндесуі Сарқан ауданындағы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі тек табиғат аясы ғана емес, мұнда көптеген петроглифтер мен көне қорымдар сақталған. Тастағы таңбалар – сақ, ғұн және түркі дәуірлерінен қалған баға жетпес мұралар.

«Өткенін ұмытқан халықтың болашағы бұлыңғыр». Сарқан ауданындағы мәдени ескерткіштерді сақтау және дәріптеу – туған өлкеге деген сүйіспеншіліктің ең жарқын көрінісі. Сарқан өңірінің әрбір ескерткіші – тарихтың тірі беттері. Бұл жәдігерлер бізге кім екенімізді еске салып, болашаққа нық қадам басуға күш береді. Сарқанның тарихы – Жетісудың, демек, бүкіл қазақ елінің ұлы шежіресінің ажырамас бөлігі.

С. ЕРЖАНОВ,

Сарқан ауданының тарихы музейінің қор сақтаушысы.

АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сарқан ауданында әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстарды жетілдіруге арналған маңызды жиын өтті. Аудан әкімінің орынбасары А. Байғұнысовтың ұйымдастыруымен өткен басқосуға мобильді топ мүшелері қатысып, FSM Social цифрлық платформасы арқылы атқарылып жатқан жұмыстар жан-жақты талқыланды.



Жиынның негізгі өзегі – өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтар мен отбасыларды дер кезінде анықтау, оларға көрсетілетін әлеуметтік көмектің сапасын арттыру және қызмет көрсету жүйесін заманауи талаптарға сай жетілдіру болды. Осы ретте мобильді топтардың атқарып жатқан жұмыстары сараланып, нақты нәтижелерге баса мән берілді.

Кездесу барысында ең алдымен халықтың әлеуметтік осал топтарын анықтау бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Мобильді топ мүшелері аудан көлемінде жүргізілген мониторинг нәтижелерімен бөлісіп, тұрмыстық қиындықтарға тап болған отбасыларды анықтау тетіктері туралы баяндады. Бұл бағытта FSM Social платформасының мүмкіндіктері кеңінен қолданылып отырғаны атап өтілді. Аталған жүйе арқылы әрбір жағдай жеке тіркеліп, бақылауға алынып, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар жиында азаматтарға көрсетілген әлеуметтік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі мәселесі де кеңінен қарастырылды. Қатысушылар нақты кейстер бойынша тәжірибе алмасып, әрбір отбасының қажеттілігіне қарай көрсетілетін көмектің тиімділігін арттыру жолдарын талқылады. Әсіресе, әлеуметтік қызметтердің уақытылы көрсетілуі мен олардың нәтижелілігі басты назарда болды.

Жиын барысында FSM Social платформасында тіркелген кейстерге талдау жасалып, олардың орындалу барысы қарастырылды. Жауапты мамандар әрбір жағдай бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, кездескен қиындықтар мен оларды шешу жолдарын ортаға салды. Бұл өз кезегінде жүйелі жұмысты жетілдіруге және кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берді.

Кездесу аясында туындаған мәселелер де ашық айтылып, нақты ұсыныстар енгізілді. Қатысушылар әлеуметтік саладағы жұмысты одан әрі жандандыру үшін ведомствоаралық байланысты күшейту, ақпарат алмасуды жеделдету және цифрлық құралдарды тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті.

Жиынның маңызды бөлігі – тәжірибе алмасу болды. Мобильді топ мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, тиімді жұмыс тәсілдерін ортаға салды. Бұл өз кезегінде аудан көлемінде атқарылып жатқан әлеуметтік қолдау шараларының сапасын арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Жалпы, аталған жиынның басты мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға дер кезінде әрі сапалы көмек көрсету. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын тауып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталмақ.

М.ЖЕКЕН,

«Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бұқаралық ақпарат және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі маманы.

Жамбыл Жабеев - 180

Мен болашақ әдебиетші, журналист болуды мақсат етіп отырмын. Әдебиет әлеміне шынайы берілдім. Болашақ мамандығым да, әдебиетпен тікелей байланысты болмақ... Қазақ әдебиеті саласын жан - жақты меңгеріп, көркем, әдеби шығармаларды көбірек оқып, оны талдап, саралап, өзіндік көзқарасымды қалыптастырып келемін. Мен үшін бұл зор қуаныш. Мен үнемі оқыған шығармаларымның авторлары жайында мақала жазуды өзімнің болашақ тәжірибемнің үлесі болар деп есептеймін.

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, XX ғасыр Гомері, өлең сөздің дүлдүлі жырау, жыршы - Жамбыл Жабайұлына биыл 180 жыл толғалы отыр. Бір ғасырдай өмір кешкен Жамбылдың өмір жолы ел тағдырымен, тарихи кезеңдермен тығыз байланысты болды.

Өмір жолы Ресейдің отарлау саясатымен тұспа-тұс келген жыршының жыр-дастандары да, сол уақыттағы халық тағдырын баяндайды. Бозбала шағынан ақ өз ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Ақындық жолында ол атақты айтыскер Сүйінбай Аронұлынан тәлім алып, ұстаз өнегесін жалғастырды. Айкүміс, Сары, Сарыбас, Досмағамбет сынды ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған



Жүз жасаған бәйтерек

жүйріктерімен айтысқа түскен Жамбыл шоқтығын асырып отырған.

Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің "Зілді бұйрық", "Шағым", "Өстепкенде", "Жылқышы", "Патша өмірі тарылды" сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бейнелейді. Қазақ халқының 100 жылға жуық тарихындағы қайғы-қасіретін, қуаныш-күлкісін бастан кешірген ақын-импровизатор өз туындыларында көрген-білгенін келешек

ұрпаққа естелік-мұра етіп қалдырды. Ақын шығармаларында отарлау саясаты, Қазан-Ақпан төңкерістері, халық көрген аштық, саяси қудалау, күштеп ұжымдастыру, екі Дүниежүзілік соғыс және қазақ халқы руханиятының төңкерісі кеңінен көрініс тапқан.

Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбылдың жырлары халыққа ерекше рух берді. Оның «Ленинградтық өренім» атты өлеңі қоршауда қалған қала тұрғындарына жігер сыйлап, бүкіл елге тарады. Бұл туынды ақынның ел тағдырына

бей-жай қарамайтын, жүрегі халқымен бірге соққан азамат екенін дәлелдейді.

Жамбыл – тек айтыскер ақын ғана емес, эпикалық жырларды жаңғыртып, халық поэзиясын жаңа деңгейге көтерген жырау. Ол «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты тарихи жырларды насихаттап, халықтың өткенін кейінгі ұрпаққа жеткізді. Ақынның шығармаларында әділдік, елдік, ерлік, бірлік тақырыптары кеңінен жырланады.

Ғасыр жасаған жыр алыбы қазақ халқының қуанышы мен қайғысын, арман-тілегін өз жырларында өрнектеп, кейінгі ұрпаққа өлмес мұра қалдырды. Оның импровизаторлық дарыны, тапқырлығы мен шешендігі қазақ әдебиетінің алтын қорынан мәңгілік орын алды.

Қорытындылай келе, Жамбыл Жабеев – қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орны бар тұлға. Оның жырлары бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ақын мұрасы – ел тарихының айнасы, халықтың жүрек үні. Сондықтан жыр алыбының шығармаларын оқу, зерттеу – әрбір жас ұрпақтың парызы деп білемін.

А.СЕКСЕНБАЙ,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер айрықша қамқорлықта

Жоңғар Алатауы – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ерекше экожүйеге ие тау жотасы. Табиғи-климаттық жағдайларының алуандығына байланысты мұнда флора мен фаунаның мыңдаған түрі мекен етеді. Сарқан филиалының аумағы – сол экожүйенің маңызды бөлігі.

Бұл өңірде өсімдіктердің 1000-нан аса түрі өседі, олардың ішінде Қызыл кітапқа енгізілген сирек кездесетін және жойылу қаупі бар түрлер де бар.

Сарқан филиалының аумағында тіркелген өсімдіктердің 30-дан астам түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген. Олардың ішінде:

- Сиверс алмасы (*Malus sieversii*) – жабайы алманың ата тегі, халықаралық деңгейде маңызды түр. - Жоңғар аршасы (*Juniperus pseudosabina*) – биік таулы аймақтарға тән, топырақты бекітіп тұратын маңызды түр.

Бұл өсімдіктердің экожүйелік маңызы зор, олар тек сұлулық көзі ғана емес, сондай-ақ топырақтың эрозияға ұшырауынан қорғайтын, климатты реттейтін тірі механизмнің бөлігі.

"Жоңғар Алатауы МҰТП" РММ Сарқан филиалы Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді қорғау мақсатында келесі іс-шараларды жүргізуде: - Тұрақты мониторинг – сирек түрлердің популяциясын жыл сайын зерттеу; - Экологиялық ағарту – тұрғындар мен туристер арасында үгіт-насихат жүргізу; - Қатаң қорғау режимі – өсімдіктер өсетін аумақтарды ерекше қорғау аймақтарына енгізу; - Ғылыми зерттеулер – ҚР ҒЗИ және жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізу; - Жасанды түрде көбейту – ботаникалық бақтарда немесе тәлімбақтарда кейбір түрлерді қолдан көбейту.

Сарқан филиалының бай флоралық әлемі – ұлт байлығы. Қызыл кітапқа енген әр өсімдік – табиғаттың қайталанбас туындысы. Оларды қорғау – болашақ ұрпаққа қалдырар ең асыл аманатымыз. Табиғатты сақтау тек ұлттық парк қызметкерлерінің ғана емес, барша халықтың ортақ міндеті болуы тиіс.

С.САЛКИМБАЕВ,

Сарқан филиалы Тополевка орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Акция аясындағы ауқымды жұмыстар

«Парктер шеруі – 2026» халықаралық табиғатты қорғау акциясы өз бастауын алып, еліміздің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында кең көлемде өткізілуде. Бұл маңызды шара табиғатты сақтау, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Аталған акция жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп, қоғамның назарын табиғатты қорғау мәселелеріне аударуға бағытталған. Оның негізгі мақсаты – жас ұрпақты табиғатты сүйе, аялауға тәрбиелеу, сондай-ақ экологиялық жауапкершілікті арттыру болып табылады.

Бұл игі бастамаға «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ қызметкерлері де белсенді түрде қатысуда. Парк мамандары акция аясында сенбіліктер ұйымдастырып, аумақтарды қоқыстан тазарту, ағаш отырғызу, сондай-ақ табиғатты қорғауға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар, қызметкерлер жергілікті тұрғындар мен жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуде. Түрлі кездесулер, дәрістер мен танымдық іс-шаралар арқылы табиғатты аялаудың маңызы кеңінен насихатталуда.

Қорытындылай келе, «Парктер шеруі – 2026» акциясы – табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам. «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ұжымы сынды ұйымдардың белсенді қатысуы бұл бастаманың нәтижелі болуына үлкен үлес қосады. Табиғатты қорғау – баршамызға ортақ міндет.

А.ТУРЫСБЕКОВА,

экологиялық ағарту инженері.

Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекеттік қызмет: жаңа сапа және қоғамдық сенім

Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықпен күрес — бұл жай ғана заңнамалық талап емес, елдің болашағы мен халықтың мемлекетке деген сенімін нығайтудың кепілі. Мемлекеттік аппараттың тиімділігі оның қызметкерлерінің кәсібилігімен ғана емес, ең алдымен, олардың тазалығымен (парасаттылығымен) өлшенеді. «Сыбайлас жемқорлық» — мемлекеттің іргетасын шайқалтатын, экономикалық өсуді тежейтін және әлеуметтік әділетсіздікті тудыратын қауіпті дерт. Алдын алу шаралары:

1. Жазалаудан гөрі сақтандыру. Бұрын сыбайлас жемқорлықпен күрес негізінен зардаптармен күресуге (тұтқындау, соттау) бағытталса, қазіргі басымдық — оның алғышарттарын жою. Мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру шенеунік пен азаматтың тікелей байланысын шектейді. Адам факторы неғұрлым аз болса, пара алу қаупі соғұрлым төмендейді. Күрделі рұқсат беру жүйелері мен ұзын-сонар кезектер — жемқорлықтың «қолайлы ортасы». Процестерді оңтайландыру бұл ортаны жояды.

2. Қызметшілердің әлеуметтік пакеті және жалақысы. Мемлекеттік қызметші «күнкөріс қамымен» параға иек артпауы тиіс. Жалақы деңгейі нарықтық көрсеткіштерге сай болуы керек.

Жоғары жалақымен бірге қатаң тәртіптік және этикалық талаптар қойылуы қажет. «Мемлекеттік қызметші — халықтың қызметшісі» деген қағида басты орында тұруы тиіс.

3. Парасаттылық мәдениетін қалыптастыру. Жемқорлықты тек заңмен жеңу мүмкін емес, ол үшін қоғамдық сана өзгеруі қажет. Әрбір қызметкер өз жұмысын абырой деп білуі керек. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторда ішкі бақылау тетіктерін күшейту қажет.

4. Ашықтық пен қоғамдық бақылау. Халық мемлекеттік бюджеттің қайда және қалай жұмсалып жатқанын көруі тиіс. Мемлекеттік сатып алулар мен бюджеттік шығындардың жариялылығы. Журналистік зерттеулер мен белсенді азаматтардың кері байланысы жемқорлықтың кез келген көрінісін жария етуге көмектеседі. Сыбайлас жемқорлықты жою — бұл тек антикоррупциялық қызметтің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Мемлекеттік қызметтегі ашықтық, әділдік және цифрлық шешімдер қазақстандық мемлекеттіліктің жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашады.

Болашақтың мемлекеттік қызметі — бұл парасыз, тек кәсібилік пен адалдыққа негізделген жүйе.

С.ИСАБАЕВА,
Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқарма басшысының орынбасары.

Зиянды әдеттердің адамға әсері

Нашақорлық қазіргі заманда белең алып, жасөспірімдерді бұзып жүген зиянды әдет. Балалар 15-18 жасқа толғаннан кейін ата-ананың қарауынан, қамқорлығынан босайды. Мектеп бітіргеннен соң қыздар бой жетеді, ұлдар ер жетеді, студенттік өмірдің қызығы мен шыжығына батады. Бұрын көрмеген қызықтар - түнгі клубтар, кино, би адамды қызықтырады. Балалардың білмейтіндері көп, неше түрлі замандас ұлдар - қыздармен танысады, әрине, бұл өмір қызық. Бірақ бұл қызықты өмірдің жақсы жағымен қатар бұл өмірдің жаман жағы да бар. Балалар, сіздер осыны білуге тиіссіздер. Соның бірі — нашақорлық, темекі тарту, арақ ішу, энергетиктарды пайдалану, кальян, қор-қор тарту — шөптен жасалған және синтетикалық наркотиктер адамның ағзасына зиянын тигізеді. Нашаны пайдаланғаннан кейін — адам ағзасына әсері-көңілді көтеру, қуаныш сияқты жалған сезімдер сыйлайды. Содан кейін адам наркотикке үйреніп алады да наркотикті қабылдағысы келіп тұрады.

Наркоманияның белгілері:

1. Адамның мінезі - құлқы өзгереді, жекеленіп сөйлеспей, бұрынғыдай ашық-жарқын мінезінің өзгереді, жатып алады, кейде басын жауып, тарс бүркеніп алады. Оның бар ойы-дозаны қайдан, қалай тауып алсам болады. Сабағының үлгерімі төмендейді, киім киісі, көңіл - күйі салғырт болады. Бұрынғыдай достарымен араласу, сөйлесу, көңіл көтеруді қояды — коллективтен оқшауланады. Наркотикке тәуелді болады — ішпесе тұра алмайды. Дозаны алу үшін ұрлыққа да тіпті кісі тонауға, кісі өлтіруге барады.

2. Наркоман ешуақытта наркотикке тәуелді екенін мойындамайды — мен тек бір-екі рет тарттым дейді жолдастарына.

3. Көп уақыт наркотик пайдаланса психикалық ауытқуға ұшырайды, бала өзіне қол салуға дейін барады.

4. Наркотик пайдаланғанда ВИЧ-ГЕПАТИТ ауруларын жұқтыру қаупі бар.

5. Көп уақыт пайдаланса — абстинеттік синдромның пайда болуы.

6. Психикалық құлдырау, талма ауруына шалдығуы әбден мүмкін.

7. Жүрек қан тамырларының ауруына соқтырады.

С.ТУЛЕГЕНОВА,
Сарқан аудандық ауруханасының дәрігер-терапевті.

Дипломмен мемлекеттік қызметке орналасу

Білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдету үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) бірқатар өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

Заң аясында оқу нәтижесі «жақсы», яғни GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары үлгерімімен грант бойынша білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін бір жыл ішінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісе отыра аудандық және ауылдық деңгейдегі орындаушылық лауазымдарға тікелей, конкурс өткізбестен, қабылдауға болатындығын хабарлаймыз.

М.НУСИПБЕКОВА,

Сарқан ауданы әкімі аппаратының персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің басшысы м.а.

Поступление на государственную службу с дипломом

В Закон «О государственной службе Республики Казахстан» (далее - закон) внесены ряд изменений и дополнений, стимулирующих квалифицированную молодежь на государственную службу, способствующих возвращению молодых специалистов в районные и сельские регионы, а также снижению дефицита кадров в регионах, облегчающих механизм поступления молодежи на государственную службу.

Сообщаем, что в рамках закона выпускники высших учебных заведений, получившие образование по гранту с результатом обучения «хорошо», то есть с успеваемостью выше 3,33 GPA, в течение года могут быть зачислены непосредственно на исполнительские должности районного и сельского уровней по согласованию с уполномоченным органом или его территориальным подразделением, без проведения конкурса.

М.НУСИПБЕКОВА,

и.о. руководителя отдела единой службы управления персоналом (кадровая служба) аппарата акима Сарканского района.

Клещевой энцефалит — это острое инфекционное заболевание, вызванное вирусом, поражающим головной и спинной мозг. Вирус передается человеку в момент укуса инфицированного клеща.

В зоне риска оказываются не только постоянные жители эндемичных регионов, но и все, кто хотя бы раз выезжал на природу: туристы, дачники, сборщики грибов и ягод, охотники, рыбаки, школьники на экскурсии. Важно понимать: заболевание может протекать по-разному — от легкой лихорадки до тяжелейших неврологических последствий.

Симптомы: как распознать болезнь

Инкубационный период может длиться от 2 до 28 дней, чаще — около 7–14 дней. Всё это время человек может не подозревать, что заражён. А затем наступает острая фаза.

Первые признаки заболевания: высокая температура (до 39–40 °С), сильная головная боль, тошнота и рвота, выраженная слабость, озноб, боли в мышцах и суставах, нарушения сна и аппетита.

Иногда заболевание проходит в лихорадочной форме и не даёт тяжёлых последствий. Но у многих развивается менингеальная или очаговая форма, при которой поражаются оболочки мозга и спинной мозг.

При тяжёлых формах: появляются нарушения координации, развиваются параличи конечностей, нарушается речь и глотание, возможны галлюцинации, судороги, в крайних случаях — кома.

Последствия заболевания

Даже при успешном лечении клещевой

Защита прав детей

В Казахстане алименты регулируются Кодексом «О браке и семье» (ст. 139-173) и законом об исполнительном производстве. Основные положения включают принудительное взыскание, уголовную ответственность по ст. 139 УК РК за злостную неуплату (до 2 лет лишения свободы) и административные аресты, с целью защиты прав детей.

Ключевые аспекты алиментов в РК. Размер выплат: На 1 ребенка — 1/4 (25%) дохода, на 2 детей — 1/3 (33%), на 3 и более детей — 1/2 (50%) от заработка и иного дохода.

Ответственность: Часть 1 статьи 669 КоАП РК предусматривает административную ответственность за умышленное неисполнение приговора, решения суда или иного судебного акта/исполнительного документа (если нет уголовного деяния). Санкция включает штраф 5 МРП, общественные работы до 20 часов или административный арест до 5 суток для физических лиц. Согласно статье 139 УК РК, невыплата алиментов более трех месяцев может привести к общественным работам, ограничению или лишению свободы.

Взыскание за прошедшее время: По ст. 169 Кодекса РК «О браке и семье» допускается в пределах трех лет, предшествующих предъявлению исполнительного листа.

Запреты: Запрет на выезд из страны применяется к должникам, чей долг превышает 20 МРП (согласно статье 33, Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»).

Приостановления: Приостановление водительских прав за долги в Казахстане — это временная мера, применяемая судом по представлению судебного исполнителя (ЧСИ) при наличии крупных задолженностей, чаще всего по алиментам (без ограничения суммы) или при долге свыше 250 МРП (более 1 081 250 тенге в 2026 году). Мера действует до полного погашения долга.

А. ИМАНДУСАНОВ,

частный судебный исполнитель палаты частных судебных исполнителей по Жетысуской области.

“Шебер сынып” – тәжірибе мен шығармашылық алаңы

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін қолдану – басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыда “Шебер сынып” (мастер-класс) ерекше маңызға ие. Бұл – тәжірибе алмасуға, жаңа дағдыларды үйренуге және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған тиімді формат.

“Шебер сынып” – белгілі бір саладағы маманның немесе педагогтың өз тәжірибесімен бөлісіп, нақты іс-әрекет арқылы үйрету процесі. Мұнда қатысушылар тек тыңдаушы ғана емес, белсенді орындаушы ретінде қатысады. Яғни, теория мен тәжірибе қатар жүреді.

Білім беру саласында шебер сыныптардың маңызы зор. Олар педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырып, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар шығармашылық ізденісті дамытып, жаңашыл идеялардың пайда болуына ықпал етеді.

Балабақша мен мектептерде өткізілетін шебер сыныптар балалар үшін де өте пайдалы. Мысалы, сурет салу, қолөнер жасау, ұлттық бұйымдарды дайындау немесе табиғи материалдармен жұмыс істеу барысында балалардың қиялы дамып, ұсақ моторикасы жетіледі. Олар өз қолымен жасаған дүниеден ләззат алып, нәтижеге жетудің маңызын түсінеді. Шебер сыныптардың тағы бір артықшылығы – ұжымдық жұмысқа баулуы. Қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, өзара қарым-қатынас орнатады. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, сенімділігін арттырады.

Сонымен қатар, ата-аналардың қатысуымен өткізілетін шебер сыныптар отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы байланысты нығайтады. Ата-аналар балаларымен бірге жұмыс жасап, олардың қабілеттерін жақынырақ тануға мүмкіндік алады.

Қорытындылай келе, “Шебер сынып” – тек білім беру құралы ғана емес, ол шығармашылықты дамытатын, тәжірибені жетілдіретін және тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал ететін тиімді алаң. Мұндай іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру – сапалы білім мен тәрбиенің кепілі.

Г.МУСАБАЛАНОВА,

“Дана” балабақшасының тәрбиешісі.

Как защититься от вируса, который может изменить жизнь

энцефалит может оставить после себя неврологические и психоэмоциональные нарушения. Некоторые пациенты годами восстанавливаются после болезни, проходя курсы нейрореабилитации, физиотерапии, массажа и занятий с логопедом.

Лечение клещевого энцефалита

Специфического противовирусного лекарства, направленного исключительно на вирус клещевого энцефалита, пока не существует. Поэтому лечение — симптоматическое и поддерживающее. Чем раньше пациент получает помощь — тем выше шанс избежать осложнений. Поэтому медлить с визитом к врачу после укуса нельзя.

Наиболее эффективная защита — вакцина против клещевого энцефалита. Она особенно рекомендована жителям районов с клещевой активностью.

Как защититься: меры профилактики

Заболевание проще предотвратить, чем лечить. Профилактика клещевого энцефалита включает комплекс мер, направленных на исключение контакта с клещами и защиту организма.

Индивидуальная защита:

надевайте плотную, закрытую одежду при выходе в лес или парк, используйте репелленты на кожу и одежду, избегайте высокой травы, кустарников, регулярно осматри-

вайте тело на наличие клещей — особенно после прогулки, удаляйте клеща правильно — пинцетом или в медучреждении.

Что делать при укусе клеща

Снимите клеща как можно скорее, лучше — в травмпункте или у врача.

Обработайте место укуса антисептиком, не выдавливайте клеща, не смазывайте маслом или спиртом.

Сохраните насекомое для анализа, поместив его в герметичный контейнер.

Обратитесь к врачу, даже если клещ уже удалён — может потребоваться введение иммуноглобулина. Наблюдайте за самочувствием в течение месяца: при первых симптомах — немедленно к врачу.

Клещевой энцефалит — это болезнь, которую невозможно предсказать, но можно предотвратить. И хотя сам клещ кажется крошечным и почти незаметным, последствия его укуса могут быть катастрофическими. Если вы планируете отдых на природе или живёте в эндемичном районе — не рискуйте. Пройдите вакцинацию, соблюдайте меры безопасности и относитесь к укусам клещей максимально серьёзно.

Е. ФЕДОСЕЕВА,

главный специалист Сарканского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля.

К СВЕДЕНИЮ ЧЛЕНОВ НПО

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», некоммерческие организации, осуществляющие деятельность на территории Республики Казахстан, ежегодно до 31 марта представляют сведения о своей деятельности в «Базу данных НПО».

В связи с устранением ранее возникших технических сбоев на платформе Eser.govtc.kz работа информационной системы восстановлена и прием сведений в «Базу данных НПО» возобновлен.

Напоминаем, что срок представления сведений ранее был продлен до 30 апреля 2026 года.

Министерство культуры и информации РК.

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, азаматтардың шет мемлекеттердегі қарулы қақтығыстарға немесе әскери іс-қимылдарға қатысуы қатаң түрде қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексінің 172-бабына сәйкес, егер азамат жалақы немесе басқа да жеке мүдде үшін шетелдегі әскери жанжалдарға жалдамалы ретінде қатысса, ол 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, шет елдердегі террористік немесе экстремистік ұйымдарға қосылу, сондай-ақ діни немесе этностық араздықты қоздыру әрекеттері де (ҚК-нің 174-бабы) қылмыстық жазаға тартылады.

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз азаматтарының шет мемлекеттердегі заңсыз әрекеттерге қатысуына жол бермейді. Мұндай іс-әрекеттер тек жеке адамның ғана емес, жалпы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Азаматтарды заң талаптарын сақтауға, радикалды идеялардан аулақ болуға және күмәнді ұйымдардың ықпалына түспеуге шақырамыз.

Орманға күтім жасайық

«Жасыл желек – жан азығы» дейді халқымыз. Бірақ, ел арасындағы тұтынушылық пиғыл осынау баға жетпес байлық орманның, тал-теректің қадірін түсінбей отырғанымызды көрсетеді. Адамзаттың табиғат алдындағы ең маңызды міндеттерінің бірі орманға күтім жасау болып табылады. Орман – жер бетіндегі тіршіліктің негізі, табиғаттың өкпесі. Ол ауаны тазартып, оттегін бөліп шығарады, климатты реттейді, топырақты эрозиядан қорғайды және сан алуан жануарлар мен өсімдіктердің мекені болып табылады. Сондықтан орманды қорғау – тек табиғатты емес, өз болашағымызды қорғау деген сөз.

Қазіргі таңда ормандарға төнетін қауіптер аз емес. Соның ішінде ең қауіптісі – өрт. Орман өрті көбіне адамдардың салғырттығынан туындайды: сөндірілмеген от, тасталған темекі тұқылы, құрғақ шөпті өртеу секілді әрекеттер үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Бір ғана ұшқын мыңдаған гектар орманды жойып, ондаған жылдар бойы қалпына келмейтін зиян келтіреді. Сонымен қатар заңсыз ағаш кесу, қоқыспен ластану, табиғатқа немқұрайлы қарау да орманның азаюына себеп болып отыр.

Орманға күтім жасау – әрбір азаматтың борышы. Ең алдымен, табиғат аясында демалған кезде тазалық сақтау қажет.

Н.ТАЙБАЗАР,

Бөрітөбе ОКШММ-нің Құрақсу орманшылығы № 2 айналымның орман күтушісі.

ТАЗАЛЫҚ ӘРБІРІМІЗДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы туралы айтып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, "Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс" патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарауға шақырған болатын. Президент айтып өткендей, "уақытша акция емес, бұл маңызды жоба жыл бойы жалғасуы тиіс".

Күн жылынып, жер қарайғалы аталмыш акцияны ауданымыздың барлық ауылдық округтері белсенді қолдауда. Әсіресе аудан орталығы - Сарқан қаласында әр апта сайын «Таза Қазақстан» акциясы аясында қызу жұмыстар атқарылуда. Жасыл желегімен ерекше көзге түсетін саялы өңірімізде тек тал отырғызып қана қоймай, көше-көшелерді тазалау, арам шөптерден тазарту жұмыстары белең алды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен аптада «Таза бейсенбі» жалпы аудандық сенбілігі өткізілді. Аталған шараға 1000-нан астам адам қатысып, 18 техника жұмылдырылды. Іс-шара нәтижесінде 30 тонна қоқыс шығарылып, 500 түп ағаш отырғызылды. 4 шақырым жердің ағаштары әктеліп, маңайлары тазаланды. Ауданымызға кіреберістегі көруеншілер мүсіндері боялып, маңайы ретке келтірілді және де өзге де тазалық жұмыстары жүргізілді.

Тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама - "Таза Қазақстан" жалпыұлттық экологиялық акциясы аясындағы тазалық жұмыстары жыл бойы өз жалғасын табатын болады.



Өз тілшіміз.

Хабарландыру

●**Аятбеков Канат Дюсембековичтің** атына тіркелген 1989 жылғы Мазда 626 маркалы автокөліктің В 832 ALN мемлекеттік тіркеу номері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Мукашев Айтпек Абрайевичтің** атына тіркелген 1984 жылғы ВАЗ 2121 маркалы автокөліктің В 045 ТВМ мемлекеттік тіркеу номері, техникалық куәлігі және өзге құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Шакеров Мураткан Мукановичтің** атына тіркелген 2002 жылғы ВАЗ 2106 маркалы автокөліктің В 137 ОСМ мемлекеттік тіркеу номері, техникалық куәлігі және өзге құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Егизбаев Қуаныш Серікұлының** атына 2013 жылы Алматы облыстық ПД-нен берілген «В, С» категориялы жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты

жарамсыз деп танылсын.

●**Пауков Сергей Андреевичтің** атына 2025 жылы Жетісу облыстық ПД-нен берілген «В, В1» категориялы жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Токиев Қанатбек Асанұлының** атына 2010 жылы Алматы облыстық ПД-нен берілген «В.С.» категориялы жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Қуат Алымбектің** атына 04.05.2018 жылы Алматы облыстық ПД-нен берілген «В. С1» категориялы № ВЗ 055156 номерлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Сайлауұлы Нұрсұлтанның** атына тіркелген Toyota Camry маркалы автокөліктің 136 АВО 19 мемлекеттік тіркеу номері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



ЕСКЕ АЛУ

Сарқан өңірінде ғұмыр кешкен ардақтымыз **Бақабайтегі Ахметқан Ақышұлын** бұл күндері сағынышпен еске аламыз.

Ахметқан Ақышұлы ұзақ жылдар ауданымыздың ауылшаруашылығында қажырлы еңбек етіп, мыңдап қой өсіріп, өңіріміздің өркендеуіне бір кісідей үлес қосқан болатын. Құдай қосқан жарымен ұрпақ өсіріп, барлығына лайықты тәрбие берген ағамызды еске алу дегеніміз – оның айтқан ақыл, істеген ісін, қалдырған ізін бағалау. Бұл – ардагердің өнегелі өткеніне тағзым, бүгінгі бізге сабақ болса, біздің балаларымыздың, немерелеріміздің болашағына бағыт болары сөзсіз.

Артында қалған ізгі істері мен жақсы аты әрдайым жүрегімізде сақталады. Өмірден өтсе де, жүректерден кетпейді. Алла рақымына бөлесін, жаныңыз жәннатта, жатқан жеріңіз жайлы, рухыңыз шат болсын!

Ағымдағы жылдың 18 сәуір күні ұрпақтары ағамыздың рухына бағыштап жылдық асын береді. Жаратқан иеміз оқылған құран, дұға-тілектерімізді қабыл етсін!

Еске алады бүгін туыс-бауырың,
Дос-жараның, ұл-қыздарың, ауылың.
Рухың тыныш болсын деген ниетпен,
Құранын да бағыштамақ қауымың...

Еске алушылар: Мұқановтар әулеті – Бақыт, Майгүл, Мұрат, Төкен, Бигүл.

Сарқан ауданы әкімінің аппараты облыс әкімі баспасөз қызметінің бас инспекторы Залина Заирқызы Атабаеваға әкесі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы

Заир Рахимұлы Атабаевтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Аширбеков Заманхан Манапұлы су шаруашылығы саласында 40 жылдай еңбек етіп келе жатыр, оның 26 жылын «Сарқанирригация» су шаруашылығы мемлекеттік коммуналды кәсіпорны басшы қызметін атқаруда.

Құрметті Заманхан Манапұлы! Сізді, 22-ші сәуірдегі туылған күніңізбен және зейнеткерлік жасқа жетуіңізбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз! Өмірде де, қызметте де басына қандай қиын іс түссе де жасымаған, бағы жанса тасымаған, тіршіліктің қандай ауыртпалықтарын, қиын кезеңдерін көрсе де мойымай, күресе білген азамат, мықты қызметкер, аяулы жар, ардақты әке бола білдіңіз. Алдағы өмірде де абыройыңыз артып, еңбегіңіз жана берсін, зейнет жасыңыздың қызығын, рахатын көріңіз, қуанышыңыз ұзағынан болсын!

Ізгі тілекпен: «Сарқанирригация» СШ МКК ұжымы.



Сарқан қаласының тұрғыны, құдай қосқан қосағым, балаларымның асқар таудай әкесі, немерелерінің қамқор атасы **Қоңырбай Асқарды** сәуір айының 20-ыншы жұлдызы күнгі туған күнімен әрі мерей өсірер 60 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

60 жас бұл – өмірдің асқар белесі, даналық пен парасаттың, еңбектің жемісі мен құрметтің шыңы. Осындай ерекше күні Жарыма, Әкемізге, Атамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз. Ұзақ жылғы еңбегіңіздің лайықты зейнетін көріп, бала-шағаның қызығын қызықтап, немере-шөберенің қуанышына бөленіп, ортамызда ақылшы, қамқор, қорғанымыз болып аман-есен жүре беріңіз. Біз сізбен мақтанамыз, марқаямыз, әрбір мерейтойыңызды амандықта атап өтейік.

Жүз жасыңызға дейін абыроймен өмір сүріп, әр күніңіз шаттық пен қуанышқа толы болсын! Өрқашан мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!

Ізгі тілекпен: жұбайы, балалары, немерелері.

Қымбатты да аяулы құрбымыз **Шырынгүл Омарбекқызы Жарлығарованы** туған күнімен құттықтаймыз. Саған зор денсаулық, таусылмас бақыт, жарқын күлкі және барлық армандарыңның орындалуын тілеймін. Өмірің әрдайым қуаныш пен шаттыққа толы болсын, әр күнің ерекше сәттерге бай болсын.

Армандарың орындалсын бұл өмірде,
Денсаулығың мықты боп әрқашанда.
Жүре берші жадырап ортамызда,
Демеп жүрер жанның бірі сенсің қиналғанда.
Үзілмесін достығымыз ешқашанда!!!

Ізгі тілекпен: бір топ құрбылары.



Қадірі бөлек құрдасымыз, орны ерек замандасымыз, қимас досымыз, сырласымыз **Ахамбаева Гүлнар Шаймұратқызын** шуақты көктемдегі - 17 сәуірдегі туған күнімен әрі 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Саялы Сарқанда дүние есігін ашқан туған күн иесіне көңілің қашанда өзің туған мезгілдей көркем, ғұмырың өмірге келген өлкеңдей мәңгі жасыл болсын деген ақ тілегімізді ақтарамыз. Бауыр етің - балаларыңның жақсылығына куә болып, балдай тәтті немерелеріңнің қызық-қуанышына тоймай аман-есен жүре беруге Алла нәсіп етсін.

Мерейтойлық жасқа кеп шаттанасың,
Әлі талай шыңдардан бақ табасың.
Шын жүректен беріміз құттықтаймыз,
Көш-керуенің ешқашан тоқтамасын!

Құттықтаушылар: бір топ достары.

Құрметті әріптесіміз **Иманалиев Рауан Естемесұлын** сәуір айындағы туған күнімен әрі мерейтойымен құттықтаймыз. Асыл жар, ардақты әке, қамқор ата Рауан Естемесұлы бүгінгі күні бауыр еті балаларына лайықты тәрбие беріп, немерелерінің қызығын көруде.

Өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, еңбекқор сізді 50 жас мерейтойыңызбен мектеп ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Мектебіміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сіздің еңбегіңіз ерекше. Өрқашан сабырлы мінезіңізбен, қарапайымдылығыңызбен және адамгершілік қасиеттеріңізбен баршаға үлгі болып келесіз. Осы айтулы мерейтойыңызда сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз! Әр күніңіз қуанышқа, бақытқа толы болсын. Жаңа жасыңыз жақсылықтарға, қуанышқа есігін ашсын, шуақты күндеріңіз көп болсын деген әріптестік ақ тілегімізді, шынайы ниетімізді арнаймыз!

Құрметпен: Көкөзек орта мектебінің ұжымы.

